Bringing the Best Together

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

# ТМ-8044

## Планшеттік компьютер

## Пайдаланушының қысқа басшылығы

Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің құрылғымызды таңдағаныңызға алғыс білдіреміз. Барлық мүмкіндіктерді қолдану және оның қызметінің мерзімін ұзарту үшін компаниясының: http://www.texet.ru ресми сайтында жүктеуге қол жетімді пайдалану бойынша толық нұсқаулықты оқуға кеңес беріледі.

Сіз сатып алған құрылғының сериялық (зауыттық) нөмірі, оның өндірілген кезі, оның қызметінің мерзімі, кепілдік шарттары, осы нұсқаулықта қосымша берілген Кепілдік талонында орналастырылған.

Құрылғылардың сыртқы түрі, құрылымы, құрылғылардың сипаттамасы ұдайы жетілдірілетінін ескеруді сұраймыз, сондықтан осы нұсқаулықта көрсетілмеген кейбір өзгерістер болуы мүмкін; сондай-ақ сатып алушыға алдын ала ескертусіз уәкілетті сервистік орталықтардың мекенжайлары мен телефондары өзгеруі мүмкін, олар туралы көкейкесті ақпаратты www.texet.ru веб-сайтынан алуға болады.

## Техникалық сипаттамалар

| | |
|---|---|
| Дисплей | 8.0” |
| ОЖ | Android 5.1 |
| Процессор | четырехъядерный, MT8321, 1.3 ГГц |
| Графикалық процессор | Mali-400 MP |
| ОЕСҚ | 1 ГБ |
| Ішкі жады | 8 ГБ |
| Коммуникациялар | Wi-Fi 802.11b/g/n, BT 4.0, GPS |
| Фронталды камера | 0.3 Мп |
| Кеңейту слоты | microSD/microSDHC (до 32 ГБ) |
| Интерфейстер | microUSB, 3.5 mm |
| Аккумулятор | Li-Ion, 4000 мАч |
| Өлшемдер | 208x123x10,8 мм |
| Салмағы | 362 г |

## Планшеттік компьютердің жалпы түрі




| | |
|---|---|
| 1 | Алдыңғы камера |
| 2 | Фронтальный динамиқ |
| 3 | Сыртқы жарық сенсоры |
| 4 | Дыбыс реттеу түймешіктері (+) |
| 5 | Дыбыс реттеу түймешіктері (-) |
| 6 | Кнопка «Живлен» |
| 7 | Түймесін ысыру «Reset» |
| 8 | Құлаққап Джек |
| 9 | microSD/microSDHC жад карталарына арналған слот |
| 10 | Негізгі камера |
| 11 | Жарқыл |
| 12 | Микро-USB қосқышы/Қуат адаптері арналған ағытпа |
| 13 | SIM-картаға арналған слот |
| 14 | Негізгі динамиқ |
| 15 | Микрофон |

## Жинақтылық

1. Планшеттік компьютер ........ 1шт.
2. USB-кабель ........ 1шт.
3. Қоректендіру адаптері ........ 1шт.
4. Жылдам бастау нұсқаулығы ........ 1экз.
5. Кепілдік талоны ........ 1экз.

## Планшеттік компьютерді қолдану бойынша нұсқаулар

• Планшеттік компьютерді температурасы күрт өзгеріп тұратын аймақтардан, тура түскен күн сәулелерінің немесе жылу шығаратын құрылғының әсерінен қорғаған жөн. Құрылғыны ылғал тиюден сақтаңыз және оны шаңды немесе түтінді ортаға қоймаңыз. Белсенді химиялық заттарға жақындатпаңыз.

• Компьютерді соққылардан сақтаңыз, оған ауыр заттар қоймаңыз және оған стандартты ажыратқыштарға жарамайтын заттар салмаңыз. Құрылғының құлауы ЖК экранның зақымдалуына және оның қалыпты жұмысының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

• Компьютерді тек тұрмыстық желілік розеткіден ғана зарядтаңыз және тек сәйкес келетін зарядтау құрылғысын ғана қолданыңыз (жинаққа кіреді). Алғаш зарядтағанда құрылғыны электр қоректендіру желісіне 8-12 сағатқа қосыңыз.

• Құрылғыны автокөлік жүргізген сәтте қолданбаңыз. Сіз келген елдегі заңдар мен жол қозғалысының ережелерін ұстаныңыз.

• Музыка тыңдағанда, бейне қарағанда немесе басқа бағдарламаларды қолданғанда, дыбыс аса қатты болмау керектігін есте ұстаңыз. Құлақта сыңғыр немесе гуіл пайда болғанда дыбысты азайтыңыз немесе файл/бағдарламаны көрсетуді тоқтатыңыз.

• Планшеттік компьютер ұшақ ұшқанда немесе отырғанда өшірілуі тиіс.

• Электрондық кедергілерге немесе статикалық электр тоғының әсеріне ұшыраған жерлерде компьютермен жұмыс істемеңіз. Бұл деректердің жоғалуына себеп болуы мүмкін.

## Қоректендіру адаптерін қолдану бойынша нұсқаулар

• Планшеттік компьютерді зарядтағанда тек қоректендіру адаптерінің стандартты типін ғана қолданыңыз (жеткізілім жинағына кірген). Стандартты емес немесе басқа типтес зарядтау құрылғысын қолдану компьютердің бұзылуына және құрылғыға берілетін кепілдіктің жойылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

• Адаптерді тек параметрлері таңбалауда көрсетілген электр тоғының типіне ғана қосуға болады. Егер Сіз электр желісінің және қоректендіру желісінің параметрлерінің сәйкестігіне сенімді болмасаңыз, мамандармен кеңесіп, қолдау қызметіне немесе өндіруші авторландырған сервистік орталықтардың біріне жолығыңыз.

• Қоректендіру адаптерінің кабелін баспаңыз және оған ауыр заттар қоймаңыз.

• Кабелдің тартылуына, шатасуына және түйіншектелуіне жол бермеңіз.

• Құрылғыны зарядтаған соң, адаптерді розеткадан ажыратыңыз.

• Қоректендіру адаптерін розеткіден ажыратқанда кабельдің өзін тартпай, ашаны тарту керек.

• Қоректендіру адаптерін осы үлгідегі құрылғылардан басқа қандай да бір құрылғыларға қоспаңыз.

• Қоректендіру адаптерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## Аккумуляторлық батареяны қолдану бойынша нұсқаулар

• Аккумуляторларды (АКБ) тек мақсатына қарай қолданыңыз.

• Аккумуляторларды ашпаңыз немесе сындырмаңыз.

• АКБ-ны қыздырмаңыз және оттың әсеріне ұшыратпаңыз.

• Тура түскен күн сәулелерінің әсеріне ұшыратпаңыз.

• Аккумуляторлардың қысқа тұйықталуына жол бермеңіз.

• Аккумуляторларды механикалық соққыларға ұшыратпаңыз.

• Аккумулятор аққан жағдайда электролиттің теріге және көзге тиюіне жол бермеңіз. Егер тисе, зақымдалған жерді мол сумен жуып, дәрігерге жолығыңыз.

• Түрлі сыйымдылықты, мөлшерлі, типті және түрлі өндірушілер жасаған аккумуляторларды бір құрылғыда қолданыңыз.

• Қолданылмаған аккумуляторларды баяу заряд режимінде қалдырмаңыз.

• Ұзақ сақтаған соң ең жоғары сипаттамаларға жету үшін аккумуляторлар разряды мен көп реттік заряд қажет болуы мүмкін.

• Аккумулятордың қалыпты бөлме температурасы (20±5)°C жағдайларында ең жақсы сипаттамалары болады.

• АКБ зарядтау құрылғы корпусында және жинақтағы ЖЗҚ-да көрсетілген номиналды параметрлері бар желілік зарядтау құрылғысынан іске асырылады. Өндіруші құрылғымен бірге жеткізетін ЖЗҚ АКБ пайдаланудың ең көп мерзімін қамтамасыз етуге арналған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**
Өндіруші АКБ-ны компьютерден зарядтауға кеңес бермейді, өйткені бұл АКБ-ның жалпы пайдалану сапасына және планшеттің өзінің қызмет мерзімдеріне теріс әсер етуі мүмкін. Дербес компьютерге қосу тек файлдарды тасымалдауға арналған.

## Жұмысқа дайындық, қоректендіруді қосу және өшіру

Планшеттік компьютерді қосар алдында «Пайдалану бойынша нұсқау» тарауларын мұқият оқып шығып, аккумуляторлық батареяны толық зарядтаңыз. Аккумуляторлық батарея толық зарядталған соң зарядтау барысы автоматты түрде тоқтайды.

Қоректендіруді алғаш қосар алдында 3 секунд бойы ⏻ түймешігін басып ұстап тұрыңыз. Ұйқы режиміне өту немесе одан шығу үшін ⏻ түймешігін қысқа уақыт басыңыз. Құрылғыны толық өшіру үшін ⏻ түймешігін басып ұстап тұрыңыз, «Жұмысты аяқтау» терезесінде «ОК» басыңыз.

Егер планшеттік компьютер қосылмаса және зарядқа әрекет етпесе, оны жіңішке үшкір емес затпен құрылғы корпусындағы «Reset» түймешігін басып, қайта жүктеп алыңыз да, ⏻ түймешігін 10 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.

## 3G мобилы интернеті

Сіз түрлі мобильді байланыс қызметтерін жеткізушілердің түрлі нөмірлері SIM-карта пайдалана аласыз.

Қосу: 3G-геалғаш қосқанда келесі нұсқауларды орындаңыз:

1) Планшеттік компьютердің қоректендіруін толық өшіріңіз;
2) SIM-картаны слотқа салыңыз;
3) компьютерді қосыңыз;
4) түймешігін басып, «Теңшелімдерді» таңдаңыз;
5) «Сымсыз желілер» тарауынан «SIM-карталарды басқару» тармағын таңдаңыз;
6) «Сымсыз желілер» тарауынан «Тағы...» басыңыз;
7) «Мобильді желіні» басыңыз, «Қол жетімділік нүктелері (APN)» тармағын таңдаңыз;




8) SIM-картаны және тізімнен Сіздің қол жетімділік нүктеңізді таңдаңыз немесе түймешігін басып, қолмен теңшеңіз, содан кейін «Қол жетімділіктің жаңа нүктесін» басыңыз. Көп жағдайда, қол жетімділіктің теңшелген нүктелері пайда болмаса, құрылғыны қайта жүктеу керек болса, құрылғыны қайта жүктеу қажет;

9) SIM-карта сәтті қосылған кезде, мәлімдемелер панелінде қосу типіне сәйкес келетін белгі пайда болады.

10) Көп жағдайда, қол жетімділіктің теңшелген нүктелері пайда болмаса, құрылғыны қайта жүктеу керек болса, құрылғыны қайта жүктеу қажет;

11) SIM-карта сәтті қосылған кезде, мәлімдемелер панелінде 3G қосу типіне сәйкес келетін белгі пайда болады.

## Планшетті USB жинақтағыш режимінде қосу

Планшетті ДК-ге USB-кабель көмегімен қосар алдында оны қоректендіру адаптерінің көмегімен зарядтау қажет.

Бұл планшет компьютерге қосу үшін MTP хаттамасын қолданады. Microsoft компаниясы жасап шығарған MTP хаттамасы (MediaTransferProtocol) аппараттық-тәуелсіз болып табылады және тек Windows 7 және одан жоғары ОЖ-мен ғана қолданады. Компьютерге қосу үшін жинақта жеткізілетін

USB кабелін қолданыңыз. Планшетті USB портына қосқанда ДК құрылғы шағын құрылғы ретінде көрінеді және екі бағытта файлдарды жіберу үшін қолданылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**
Егер сіздің дербес компьютеріңіздің операциялық жүйесі жоғарыда көрсетілген нұсқалардан ерекшеленеді, файлдарды тасымалдау үшін microSD картасын қолданған жөн.

## Ықтимал ақаулар мен оларды жою әдістері

| Қиындықтар | Себептер | Жою әдістері |
|---|---|---|
| Планшеттік компьютер қосылмайды | • аккумулятордың заряды аз;<br>• қосу түймешігін ұстап тұру уақыты жеткіліксіз | • қосу түймешігін кем дегенде 5 сек басып ұстап тұрыңыз;<br>• қоректендіру адаптерін қосып, құрылғының зарядталғанына сенімді болсаңыз да, құрылғыны кем дегенде 15 минут зарядтаңыз;<br>• егер құрылғы зарядтаған соң да қосылмаса, қолдау қызметіне немесе авторландырылған сервистік орталыққа жолығыңыз. |
| Планшеттік компьютер қосылған соң бірден өшеді | • аккумулятордың заряды аз | • құрылғыны қайта қосу талпынысының алдында кем дегенде 15 минут зарядтаңыз, және қоректендіру адаптерін жұмыс кезінде розеткіден ажыратпаңыз. |
| Батареяның тез заряды | • күрделі есептеу үдерістері қосылған;<br>• жарық ашықтығының жоғары деңгейін орнатылған;<br>• құрылғы температурасы нормативтіктен төмен | • қуаттың көбісі бейне қарағанда және ұялы желі бойынша деректерді жүктеу барысында шығындалады;<br>• экран ашықтығының анағұрлым үнемді теңшелімдерін орнатып көріңіз;<br>• бағдарламаның жаңа нұсқасын орнатыңыз;<br>• аккумулятор төмен температурада тезірек отырып қалады. |
| Аккумулятор зарядталмайды немесе баяу зарядталады | • 220 В қалалық желі розеткісі жұмыс істемейді;<br>• қоректендіру адаптері жұмыс істемейді немесе талап етілетін сипаттамаларға сәйкес келмейді;<br>• құрылғы қызып кеткен | • қоректендіру адаптерінің жұмыс істеп тұрған розеткіге қосылғанына көз жеткізіңіз. Қоректендіру адаптерін қосқанда құрылғыда күй жолында аккумулятор зарядының индикаторы жануы тиіс;<br>• басқа құрылғының адаптері емес, стандартты қоректендіру адаптерін қолданғаныңызға көз жеткізіңіз. Барлық зарядтау құрылғылары қажетті тоқты қамтамасыз етуге қабілетті;<br>• аккумулятор жұмыс кезінде (немесе) жоғары температурада зарядтала алмайды;<br>• аккумулятор компьютерден зарядтағанда өте баяу зарядталатын болады. |
| Планшеттік компьютер қосымшаны орнатқан соң баяуырақ жұмыс істей бастады | • қолданбайтын немесе оңтайландырылмаған бағдарламалық жасақтама | Бағдарламалық жасақтамада қандай да бір кемшіліктер табылған жағдайда(жүйелік жаңылыс, жұмыс жылдамдығының айтарлықтай баяулауы немесе бұйымның жұмыс қабілеттілігінің толық тоқтауы):<br>• құрылғыны Reset түймешігімен қайта іске қосу (кейбір жағдайларда Reset түймешігін бірнеше рет басу қажет);<br>• зауыттық орнатылымдарға түсіру қажет;<br>• www.texet.ru сайтында қолдау тарауынан жүйелік БЖ жаңа нұсқасын жүктеп, құрылғыға орнату қажет. |

## Тасымалдау талаптары және сақтау

Ұялы телефон бумада механикалық зақымданудан, күнсәулесінен сәулеленуден және атмосфералық жауыншашаыннан қорғалған, минус 25-тен плюс 35°С дейінгі температурада кез-келген жабық көлік түрінде тасымалданады. «Сәйкестілік туралы декларация» бойынша құрылғы климаттық және механикалық факторлардың әсерінен параметрлері мен жұмысқа жарамдылығын сақтайды:

• айналадағы ауа температурасы минус 10°С плюс 55°С дейін;

• салыстырмалы ылғалдылық +20°С – да 65% және +25°С – да 80% дейін.

## Импортер туралы ақпарат

Шығарған ел: Қытай

Импорттаушы: «Алкотел» ЖАҚ
Маршала Говорова көш., 8А уй, Санкт-Петербор қ., Ресей, 198188

Құрылғы мерзімі: 2 жыл

Өндіруші өкілеттеген тұлға: «Алкотел» ЖАҚ
Маршала Говорова көш., 8А уй,
Санкт-Петербор қ., Ресей, 198188
www.texet.ru, e-mail: mail@texet.ru

Сәйкестік сертификаты № ТС RU C-CN.АВ29.В.08393
Қолданыс мерзімі 13.04.2016 бастап 12.04.2021 дейін
«Трансконсалтинг» ЖШҚ сертификаттау бойынша органы
№ РОСС RU.0001.11АВ29